

"Kazsat" екінші байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау мен ұшырудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 мамырдағы N 475 Қаулысы

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) "Kazsat-2" екінші байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін (бұдан әрі - спутник) жасау мен ұшыруды;

2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес белгіленген конкурс жеңімпазымен спутникті жасау мен ұшыру жөніндегі қызметтерді ұзақ мерзімді көрсетуге арналған мемлекеттік сатып алу туралы шартты осы қызметтердің толық құнына :

шарттың қызметтердің толық құнын қамтитын;
ағымдағы қаржы жылында осы қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген соманы көрсете отырып жасасуды;

3) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес анықталған конкурс жеңімпазымен :

шарттың жұмыстардың толық құнын қамтитын;
ағымдағы қаржы жылында осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген соманы көрсете отырып, қазақстандық орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру жөніндегі ұзақ мерзімді жұмыстардың толық құнына осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

